ІСКЕРЛІК ӘДЕП КОДЕКСІ
ЖӘНЕ ЭТИКА САЯСАТЫ

ҮЗДІКСІЗ ӨНДІРІС НЫСАНДАРЫНА
ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ ЗИЯТКЕРЛІК ШЕШІМДЕР

Dietsmann
Maintaining Energy

БІЗ ӨЗ ІСІМІЗДЕ ҒАНА ЕМЕС,

ОНЫ ЖАСАУ ЖОЛЫНДА ДА ТАБЫСТЫ БОЛҒЫМЫЗ КЕЛЕДІ.

АЛҒЫ СӨЗ

Кәсіптің табысты болуы көптеген факторларға байланысты. Әлбетте олардың қатарына өнімдер мен қызметтер, баға саясаты мен мерзімі және жеткізу сапасы кіреді. Оларсыз кәсіп те болмайды. Алайда табысты және тұрақты кәсіпті қысқа мерзімді кәсіпорындардан ерекшелейтін нәрсе — барлық жұмысшылардың, басшылықтың және қызметкерлердің белгілі бір кәсіп қағидалары бойынша іс жүргізу тәртібі.
Dietsmann компаниясында бұл қағидаларды «Іскерлік әдеп кодексі және этика саясаты» деп атаймыз. Бұл бізді жұмылдыратын әрі ісімізді абыроймен атқаруға көмектесетін көпір іспетті. Бұл біздің компаниямыздың жаны мен мәдениеті. Бұл Dietsmann компаниясының этикалық міндеттемелерін жасайды. Бұл Dietsmann компаниясының тұтастық, құрмет, адалдық, тиімділік және ашықтық сияқты басты құндылықтарына, сонымен қатар Біріккен Ұлттар Ұйымының жаһандық келісімі және Голландиялық корпоративтік басқару кодексі қамтитын принциптерге негізделген.
Біз 2011 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының жаһандық келісіміне қол қойдық және бүгін де бастамамызды құрылымдауға бағытталған іс-шараларға және адам құқықтары, халықаралық еңбек құқықтары, қоршаған ортаны қорғау және этика қағидаларын құрметтейтінімізді растайтын әрекеттерге әлі күнге дейін адалмыз. Өзінің іскерлік қағидалары мен корпоративтік құндылықтарымен қатар, Dietsmann компаниясы Жаһандық келісімнің он қағидасын толық қолдайды және осы қағидаларды өзінің ықпал ету шеңберінде дамыту үшін әр мүмкіндікті пайдаланады.
Осы қағидаларға қатысты міндеттемелерін дамыта отырып, Dietsmann компаниясы қоршаған орта, әлеуметтік және басқару (ESG) критерийлерін біріктіру процесін бастады. ESG критерийлерін біріктіру біздің осы үш саладағы міндеттемемізді дәлелдеп, өр мақсаттар қоюға мүмкіндік береді.
Бұл кодекс әрқайсымызға осы міндеттемелерді күн сайын құрметтеуге көмектесетін болады. Бұл біздің әр жұмысшыдан не күтетінімізді қысқаша сипаттайды және жұмысыңызды тиісті түрде орындауға мүмкіндік беретін нұсқауларды қамтиды Қазір COVID-19 пандемиясынан кейінгі кезеңде біздің HSEQ ережелеріміз бен стандарттарымыз бұрынғыдан да маңызды болып табылады және біз «Техникалық қызмет көрсету біздің ең басты кәсібіміз, HSEQ біздің басты құндылығымыз» деп айтамыз.
Бұл «Іскерлік әдеп кодексі және этика саясаты» - барлық басқа корпоративтік саясаттарға қосымша. Біз сізден жұмыста әдептілікті және өзара құрметке жағдай жасайтын тәртіпті күтеміз.
Әрқайсымыз осы кодексті сақтауға жауаптымыз. Бұл тек біз жұмыс жасайтын әр елдің қолданыстағы заңдарымен үйлесімділікті емес, сонымен қатар біздің корпоративтік жауапкершіліктің жоғары стандарттарының жетістігін растайды.
Dietsmann компаниясында біз инновациялық ойлау мен шығармашылық еркіндікті ынталандырамыз және клиенттерімізге қызмет көрсетудің жаңа әрі үздік жолдарын іздейміз. Бұл еркіндік тек бәріміз өз іскерлік қағидаларымызды қатаң ұстанып және аталған «Іскерлік әдеп кодексі және этика саясаты» аясында әрекет еткенде жемісін береді.
Атақты жазушы және философ Вольтер айтқандай: «Тәртіптен жұрдай еркіндік хаосқа тең» Мен Dietsmann компаниясының «Іскерлік әдеп кодексі және этика саясатының» соңғы басылымын ұсынғанымды мақтан етемін.

Peter Kütemann
Президент және басты атқарушы директор

МАҢЫЗДЫ

АЛДЫМЕН ОСЫНЫ ОҚЫҢЫЗ:

ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

Бұл кодекс Dietsmann корпоративтік саясаттарына қосымша болып табылады.

Осы кодекстің барлығына түсінікті болуын қамтамасыз ету үшін, құжат Dietsmann компаниясында жиі қолданылатын барлық тілдерде қолжетімді. Толық түсінгеніңізге көз жеткізе отырып мұқият оқыңыз, содан кейін бекітілген бетке қол қойып кадр бөліміне қайтарыңыз.

ЕГЕР СІЗ ОСЫ КОДЕКСТІҢ ҚАНДАЙ ДА БІР БӨЛІМІН ТОЛЫҚ ТҮСІНБЕЙМІН ДЕП АЛАҢДАСАҢЫЗ:

- Dietsmann компаниясының веб-сайтында Корпоративтік бөліміндегі осыған қатысты Dietsmann компаниясының саясаттарын оқыңыз.
- Егер оған қатысты саясат болмаса, немесе оны оқыған соң, әлі де сұрақтар туындаса, менеджерге хабарласыңыз немесе жоғарыдағы электронды пошта мекенжайына сұрағыңызды жіберіңіз: **ethics@dietsmann.com**.

DIETSMANN КОМПАНИЯСЫНЫҢ

ІСКЕРЛІК ӘДЕП КОДЕКСІ ЖӘНЕ ЭТИКА САЯСАТЫН ҚАБЫЛДАУ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

DIETSMANN КОМПАНИЯСЫНЫҢ
ІСКЕРЛІК ӘДЕП КОДЕКСІ ЖӘНЕ ЭТИКА САЯСАТЫН ҚАБЫЛДАУ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

Мен осылайша Dietsmann компаниясының Іскерлік әдеп кодексі және этика саясатын оқығанымды және біздің ұйым ұстанатын тәртіптің құндылықтары мен стандарттарын толық түсінгенімді мәлімдеймін.

Мен Dietsmann компаниясының Іскерлік әдеп кодексі және этика саясатына сай болу, Dietsmann компаниясының барлық қызметкеріне міндетті екенін түсінемін.

Сонымен қатар мен Dietsmann компаниясының Іскерлік әдеп кодексі мен этика саясаттарын ұстана отырып, бәріміздің жұмыс ортасын жақсартуға үлес қосатынымызға және жақсы кәсіби маман сондай-ақ тұлға болып қалыптасатынымызға сенемін. Бізден осы қағидаларды мүмкіндігінше барлық жерде насихаттау күтілетінін түсінемін.

Мен осы стандарттарға сай екенімді және қандай да бір нақты немесе ықтимал мүдделер қақтығысын жария еткенімді растаймын. Сонымен қатар Dietsmann компаниясының Іскерлік әдеп кодексі және этика саясаты Dietsmann компаниясының веб-сайтында жарияланғанын түсінемін және сұрақ немесе алаңдаушылық туындаған кезде кеңеске жүгінемін.

ҚОЛ ҚОЙЫҢЫЗ ЖӘНЕ КАДРЛАР БӨЛІМІНЕ ТАПСЫРЫҢЫЗ

Аты: _____

Қолы: _____

Орны және күні: _____

Қолы

Іскерлік әдеп кодексі және этика саясатының қолданушысы

МАЗМҰНЫ

I. КОДЕКСТІ ҚОЛДАНУ 1

1. Бұл кодекс кімге қолданылады? 1
2. DIETSMANN компаниясы қызметкерлерінің кодекс ережелерін орындайтынына сенім артад 3
3. Өндірістік сектормен байланыс 4
4. Осы кодекске сәйкес болмаған жағдайда 5

II. КОДЕКС ҚАҒИДАЛАРЫ 7

1. Dietsmann компаниясының басты құндылықтары 9

III. ІШКІ ҚАТЫНАСТАР 11

1. Адам және еңбек құқықтары 11
2. Кадрлар бөлімінің басқару тәжірибелері 14
3. Дарындыларды тарту және сақтап қалу 15
4. Еңбекақы теңдігі және пайдалары 15
5. Күнделікті жұмысты ұйымдастыру 16

IV. ДЕНСАУЛЫҚ, ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТА 17

1. HSEQ саясаттары 17
2. HSEQ тұрақтылығы 19

V. СЫРТҚЫ БАЙЛАНЫСТАР 21

1. Жеке тәртіп 21
2. Мемлекеттік мекемелер 21
3. Клиенттің қанағаттануы 21
4. Жергілікті қауымдастықтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосу 23
5. Сауда және көші-қон заңдарына сәйкестік 23
6. Іскерлік серіктестердің осы кодекс талаптарын сақтауы 24
7. Адал бәсекелестік 24

VI. КӘСІБИ АДАЛДЫҚ, ӘДЕПТІЛІКТІ САҚТАУ ЖӘНЕ ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС 25

1. Мүдделер қақтығысы 27
2. Корпорация активтері 28
3. Екі жерде жұмыс жасау 28
4. Қонақжайлылық, ойын-сауық және сыйлық алу/сыйлау 28
5. Ресми шарттарды жеңілдету төлемдері 30
6. Саяси қызмет және қаржылай үлес 30
7. Демеушілік және қайырымдылық көмек 31

VII. АҚПАРАТТЫҢ ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС РЕСУРСТАРЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ, ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС РЕСУРСТАРЫНЫҢ 33

1. Үлескерлердің құпиялылығын қамтамасыз ету 33
2. Әлеуметтік желі және қоғамдық байланыстар 35
3. Бағдарламалық жасақтаманың авторлық құқығы мен лицензиялары 35
4. IT протоколдары 36

I. КОДЕКСТІ ҚОЛДАНУ

1. БҰЛ КОДЕКС КІМГЕ ҚОЛДАНЫЛАДЫ?

Dietsmann компаниясының құрлықтағы, ашық теңіздегі, толық жұмыс күнінде, жартылай жұмыс күнінде, келісімшартпен, әр түкпірінде, барлық орындарда және әр елде жұмыс істейтін жұмысшыларға қолданылады. Сондай-ақ бізбен жұмыс істейтін адамдардан біздікіне сай стандартар мен қағидалардың сақтаулына сенім артамыз. Барлығымыздың өз рөліміз бар, және өзіміздің және бірге жұмыс істейтін адамдардың кодекс қағидалары мен оған негізделген саясатты ұстануы жөнінде жеке есеп береміз.

Осы кодекс барлық Dietsmann қызметкерлерінің еңбек шарттарының ажырамас бөлігі болып табылады; ұлттық ерекшелік немесе клиенттің жағдайына қатысты қосымша арнайы ережелер жергілікті ақпараттарға немесе қауіпсіздік нұсқаулықтарына қосылуы мүмкін. Егер қызметкер осы кодекстің қандай да бір пункті жергілікті заңдарға қайшы екеніне алаңдаса, ол этика комитетімен кеңесу керек.

Барлық іскерлік серіктестерге және үлескерлерге компанияның жалпы ережелерін түсініп және өздерінің компанияларында жақсы тәжірибе ретінде енгізуге ынталандыру үшін осы кодекс Dietsmann компаниясының веб-сайтында жарияланған және тегін қолжетімді.

2. DIETSMANN КОМПАНИЯСЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КОДЕКС ЕРЕЖЕЛЕРІН ОРЫНДАЙТЫНЫНА СЕНІМ АРТАДЫ

DIETSMANN компаниясы қызметкерлерінің кодекс ережелерін орындайтынына келесілер арқылы сенім артады:

- Компанияның басты құндылықтарын өздерінің күнделікті әдептеріне енгізу және осы кодексте берілген нұсқауларды қатаң сақтау.
- Иерархиялық нұсқауларды құрметтеу.
- Өз тапсырмасын үздік қабілеттілігін пайдалана отырып орындау және шеберлігін дамытатын әр мүмкіндікті пайдалану және білімімен бөлісу.
- Тиімді және шабыттандыратын топтық жұмыс жағдайын қамтамасыз етуге үлес қосу.
- Өз мақсаттарына жету үшін адал және жауапкершілікпен алға ұмтылу.
- Сұрау бойынша ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету.
- Жалпы тәртібімен әрдайым жақсы үлгі болу.
- Өзін-өзі ұстау және әдептілік саясаты бойынша іскерлік қарым-қатынас кодексінің қолданысына ұқыпты болу және қандай да бір тәртіп бұзушылықты өндірістік сектормен байланыс процедурасы арқылы хабарлау (I.3-бөлімін қараңыз).
- Әрқашан пайымдылықпен қарау және Dietsmann компаниясының қызметкері ретінде өз жауапкершіліктерін есте сақтау.

КҮМӘНДАНҒАН КЕЗДЕ ӨЗІҢІЗДЕН СҰРАҢЫЗ:

- **Заңды және талапқа сай ма (Заңгерлік және басқару бөлімімен тексеріңіз)?**
- **Dietsmann компаниясының мүдделі тараптарының сенімін ақтай ма?**
- **Егер көпшілікке жария болса, өзіңізді жайлы сезінесіз бе?**

3. ӨНДІРІСТІК СЕКТОРМЕН БАЙЛАНЫС

Өндірістік сектормен байланыс процедурасының мақсаты адам құқықтары, еңбек құқықтары және әдептілік мәселелеріне қатысты нұсқау мен шағым процедурасының негіздерін беру болып табылады.

Шағымдар туралы хабарлауға болады немесе жоғарыдағы тізімге енген мәселелерге қатысты кеңестер арнайы электронды пошта мекенжайы арқылы сұралады: **ethics@dietsmann.com**.

Бұл процедура бірлескен серіктес және кәсіпорын филиалдарын қоса алғанда, Dietsmann компаниясында жұмыс істейтін барлық адамға жарамды және жеке тұлғалардың келісімшарт түрінен тәуелсіз болып табылады.

Этика комитеті өндірістік сектормен байланыс жасау процедурасын сұрауы мүмкін.

ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ ЭТИКА БОЙЫНША АРЫЗЫ БОЛСА ШЕ?

Егер қызметкерге берілген тапсырма ыңғайсыз болып көрінсе немесе ол қалыпты емес жағдайды байқаса, ол алдымен ақпараттың дәл екенін тексеріп алуы қажет.

ҚЫЗМЕТКЕРГЕ КЕҢЕСТІ ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ КӨМЕКТІ ҚАЙДАН АЛУҒА БОЛАДЫ?

- Мәселе маңызды болса, өзінің HR немесе HSEQ жергілікті менеджеріне хабарласуға болады.
- Мәселе өте маңызды болса, өндірістік сектордың электронды пошта мекенжайына электронды хат жіберуге болады (жоғарыдан қараңыз). Қызметкерлер өз тілінде электронды хат жаза алады - ол хат аударылады.
- Мұндай электронды хаттарды аты-жөнін көрсетпей жіберуге болады, бірақ бұл тергеуді қиындатып жібереді, сондықтан олай жасауға кеңес бермейміз.

Этика комитеті тергеу жүргізуге жауапты. Кез келген қызметкерден тергеуге қатысуын сұрап, одан барлық талап етілген көмектің берілетініне сенім артады.

АРЫЗ БЕРГЕН ҚЫЗМЕТКЕРГЕ ЖАҒЫМСЫЗ ӘСЕРІ БОЛМАЙ МА?

Қызметкерлердің көмек бойынша сұраған барлық сұраулары немесе берген арыздары қатаң құпиялылықта болады.

Dietsmann компаниясы кез келген жазалау шарасына рұқсат бермейді. Қызметкер шын көңілмен негізгі мәселе бойынша арыз берсе немесе ақпаратты қамтамасыз етсе, ол оның мансабына әсер етпейді.

ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ ІСКЕРЛІК ӘДЕП КОДЕКСІ ЖӘНЕ ЭТИКА САЯСАТЫНА ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТУІ НЕМЕСЕ ҰСЫНЫСЫ БАР БОЛСА ШЕ?

Ескертулер мен ұсыныстарды жоғарыда берілген жоғары жақтың электронды пошта мекенжайына жіберуге болады. Қызметкерлердің пікірі Dietsmann компаниясы үшін маңызды және осы кодекстің үнемі жақсартылуына өз үлесін қоса алады.

- **Құқық бұзушылық туралы хабарлау міндетті болып табылады.**
- **Кек алуға тыйым салынады және тәртіптік жазаға тартылады.**
- **Жалған айыптау тәртіптік жауапкершілікке тартылады және ауыр жағдайда заң бойынша жеке жауапкершілікке әкелуі мүмкін.**

4. ОСЫ КОДЕКСКЕ СӘЙКЕС БОЛМАҒАН ЖАҒДАЙДА

Қызметкер бұл үшін тәртіптік жазаға тартылуы мүмкін.
Іскерлік серіктес үшін, бұл Dietsmann компаниясымен жасасқан келісім-шарттың жойылуына әкеледі. Іскерлік серіктестік саясаты туралы толық мәтінді Dietsmann веб-сайтының (www.dietsmann.com) корпоративтік бөлімінен табуға болады.

II. КОДЕКС ҚАҒИДАЛАРЫ

Dietsmann компаниясы кәсіпті жүргізу кезінде әділеттілік, адалдық, ашықтық, тиімділік және тұтастық қағидаларын қолдайды және қолданады. Dietsmann компаниясының қызметкерлері және жұмысы Dietsmann компаниясымен байланысты болуы мүмкін мердігерлер Dietsmann компаниясының мүддесіне сай кәсіп жүргізгенде және нарық жағдайы және келіссөз жүргізу кезіндегі кәсіптің маңыздылығына тәуелсіз барлық үлескерлермен (қызметкерлер, кәсіпорын филиалдары, бірлескен серіктес, іскерлік серіктес, жергілікті қауымдастықтар және мемлекеттік басқармалар) қарым-қатынаста дұрыс әрекет етуі қажет.

Тікелей немесе үшінші тарап арқылы өзіне немесе басқаларға пайда келтіру үшін жемқорлыққа, заңсыз қызмет көрсетуге, сөз байласуға, қысым көрсетуге және жеке қызығушылығына байланысты сұрауларға тыйым салынған.

Dietsmann компаниясының Іскерлік әдеп кодексі және этика саясаты Dietsmann компаниясының этикалық міндеттемелерін рәсімдейді. Бұл Dietsmann компаниясының басты құндылықтары, сонымен қатар Біріккен Ұлттар Ұйымының жаһандық келісімі және Голландиялық корпоративтік басқару кодексі қамтитын приниципте негізделген.

1. DIETSMANN КОМПАНИЯСЫНЫҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

АДАЛДЫҚ:

- Қауіпсіз және сенімді жұмыс орнын қамтамасыз ету.
- Мансапты динамикалық басқаруды қамтамасыз ету арқылы барлық қызметкерлердің кәсіби және жеке дамуына қолдау көрсету және оны жеңілдету.
- Жауапты басқаруды қамтамасыз ету.

ҚҰРМЕТ:

- Мультимәдениетті ортада халықты құрметтеу.
- Кәсіби шешімдер жасау кезінде мүдделі тараптардың қызығушылығын есепке алу арқылы оларды құрметтеу.
- Дұрыс шешім қабылдау үшін Dietsmann компаниясының өнімдері мен қызметтері туралы тиімді және дәл ақпаратты қамтамасыз ету арқылы клиенттерді құрметтеу.
- Жергілікті ережелер мен әдет-ғұрыптарды сақтай отырып Dietsmann мекемелерінің айналасындағы жергілікті қауымдастықтарды құрметтеу.
- Табиғатты қорғау жолымен даму және Dietsmann компаниясының экологиялық зардабын бағалау және азайту арқылы қоршаған ортаны құрметтеу.

ТҰТАСТЫҚ:

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру және саясатқа араласпауға ерекше назар аударып, іс жүргізудің әдептілігін қамтамасыз етуге бағытталған процестерді орындау және тұрақты түрде оған шолу жасау.
- Орнатылған және ашық критерийлерге негізделген тиісті және объективті таңдау процедураларын бейімдеу арқылы Dietsmann компаниясының баға ұсынысы бойынша талаптарын орындайтын қамтамасыз етушілерден бас тартпау.
- Барлық жарнамалау мен байланыста адал болып қалу.

ТИІМДІЛІК:

- Барлық тиісті халықаралық заңдар және ережелерге сәйкес келу.
- Ең жоғарғы сапа стандарттарына сай келетін және клиенттің қалыпты күткен нәтижесі мен қажеттіліктеріне сай келетін немесе одан артық болатын әрекеттер мен қызметтерді сыпайы, тиімді және келісім-шартта көрсетілген шарттарға сай қамтамасыз ету.
- Dietsmann компаниясының клиенттерін сапа, баға және жеткізу уақыттары бойынша толық қанағаттандыруына кепілдік беру үшін іскерлік серіктестермен жақсы ынтымақтастықты қамтамасыз ету.

АШЫҚТЫҚ:

- Dietsmann компаниясының әрекеттері мен қаржылық позициясының тұрақты есептерін құрастыру мен жариялау арқылы Dietsmann компаниясының барлық үлескерлеріне есеп беру міндетін қабылдау және орындау.
- Басты үлескерлері үшін құпиялылық және қауіпсіздікті қамтамасыз ету арқылы жеке және коммерциялық құпиялылыққа кепілдік беру.

III. ІШКІ ҚАТЫНАСТАР

Мультимәдениетті ортада жұмыс істейтін Dietsmann компаниясы ішкі және сыртқы байланыстарды өзара құрметтеуге шақырады және бір-біріне және жергілікті қауымдастықтарға құрмет көрсету жолымен жұмыс істеуді мақсат етеді.

1. АДАМ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ҚҰҚЫҚТАРЫ

Dietsmann компаниясы бала еңбегіне қарсы: он сегіз жастан жас адам Dietsmann компаниясында жұмыс істей алмайды.

Еріксіз еңбекке жол берілмейді. Dietsmann компаниясына жұмыс істейтін адамдардың барлығы өз еркімен, заңды келісім-шарттың шарттары бойынша жұмыс істейді және заңды талаптарға сәйкес еңбекақы және медициналық қызмет алу үшін жәрдемақы алады. Dietsmann компаниясы қызметкерлердің тұрақты сақтандыруын қамтамасыз етеді.

Dietsmann компаниясы логистикалық процесс үшін уақытша қажет болып, қызметкердің алдын ала келісімімен ғана жеке құжаттарын (төлқұжат, жұмыс істеуге рұқсат қағазы) ұстап қала алады және ешқашан басқа жағдайда ұстап қалмайды. Қызметкерлер олардың келісім-шартында көрсетілгендей алдын ала хабарлама беру кезеңін есепке алып, Dietsmann компаниясымен еңбек қатынасын тоқтата алады.

Dietsmann компаниясы бала еңбегі мен еріксіз еңбекке қарсы.

АССОЦИАЦИЯЛАР ЕРКІНДІГІ

Dietsmann компаниясы қызметкерлерінің бірге жиналып, ұжыммен жалпы мүдделерін (оның ішінде ұжымдық келіссөз жүргізу арқылы) білдіру, насихаттау, ұстану және қорғау құқықтарын қолдайды.

Толық ақпарат алу үшін жергілікті қызметкерлердің өкілдеріне хабарласыңыз.

АГРЕССИЯ

Dietsmann компаниясы агрессияның кез келген түріне қарсы.

Агрессия жалпы қысым көрсетуге немесе реңжітуге бағытталған қайталанатын, жәбірлейтін, қорлайтын немесе балағаттайтын мінез-құлық. Агрессияға қарсылық көрсетіледі.

ӨЗАРА ҚҰРМЕТ

Dietsmann компаниясы қандай да бір ауызша немесе физикалық зорлық-зомбылыққа жол бермейді.

Әдепсіз сөздер мен көзқарастарға жол берілмейді.

ДИСКРИМИНАЦИЯНЫ ЖОЛ БЕРМЕУ

Dietsmann компаниясының жұмыс күшінің әртүрлілігі компанияда дискриминацияның жоқ екенін көрсетеді. Дискриминацияға кез келген тікелей немесе жанама ерекшелеу, түсі, жынысы, діні, саяси пікірі, ұлттық немесе әлеуметтік шыққан жері негізінде жасалған теңсіздік немесе артықшылық немесе жұмыстағы мүмкіндік немесе қатынас теңдігін (оның ішінде кәсіби оқытуға қолжетімділік) жоқ қылу немесе бұзу әсері кіреді.

Мүмкіндік болған жерде, Dietsmann компаниясы апта сайынғы демалыс уақытын есепке алып, ұлттық немесе діни дәстүрлер мен ғұрыптардың орындалуына мүмкіндік береді. Ғаламдық компания ретінде Dietsmann компаниясы өзара құрмет және жеке қадір-қасиетке сенім артады және әртүрлілік ортақ білімді жақсартады деп сенеді.

Барлық қызметкерлер оның жеке тұлғасына, дағдылары мен жұмысына байланысты лайықсыз ескерту немесе жеке тұлғаға қатысты әзілдің болмауын қамтамасыз етуі қажет.

2. КАДРЛАР БӨЛІМІНІҢ БАСҚАРУ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ

Dietsmann компаниясы жұмысқа алу процедуралары мен күнделікті кадрлар бөлімінің басқаруына (еңбекақы, мансапты басқару, оқыту қолжетімділігі) ерекше көңіл бөледі және түсі, жынысы, діні, саяси пікірі, ұлттық немесе әлеуметтік шыққан жері негізінде жасалған кез келген дискриминацияға қарсы болады.

ОСЫҒАН БАЙЛАНЫСТЫ, DIETSMANN КОМПАНИЯСЫ МЕНЕДЖЕРЛЕРІНІҢ ӘРҚАЙСЫНАН КЕЛЕСІЛЕРГЕ СЕНІМ АРТАДЫ:

- Бағынышты қызметкеріне өзін-өзі ұстаудың жақсы үлгісі ретінде әрекет ету.
- Іскерлік әдеп кодексі және этика саясатын құрметтеуге қызметкерлерді ынталандыру.
- Қызметкерлерге Іскерлік әдеп кодексі және этика саясатын құрметтеудің жұмыс сапасының маңызды жағы екенін көрсету.
- Іскерлік әдеп кодексі және этика саясаты кез келген күдікті ауытқуы туралы оның бастығына немесе өндірістік сектордың ethics@dietsmann.com электронды поштасы арқылы дереу есеп беру.
- Дереу кез келген қажетті түзету шараларын қабылдау.
- Қандай да бір кек алуға жол бермеу.

Әр менеджерден үлгілі болу талап етіледі.

3. ДАРЫНДЫЛАРДЫ ТАРТУ ЖӘНЕ САҚТАП ҚАЛУ

Dietsmann компаниясы кәсіби және жеке дамуды қолдайды және динамикалық және тартымды мансапты басқару арқылы шеберлікті оңтайландыруға тырысады.

Қызметкерлер үшін жасалған жыл сайынғы прогресс шолуы олардың шеберлігі мен жоспарларын бағалауға және ең қолайлы және тиімді мансап жолын ұсынуға мүмкіндік береді. Ол қайта тағайындауды және қосымша оқытуды қамтуы мүмкін. Барлық қызметкерлер оқыту бағдарламаларына қатысады.

4. ЕҢБЕКАҚЫ ТЕҢДІГІ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАРЫ

Dietsmann компаниясының еңбекақы жүйелері жергілікті заңды талаптарға сай минималды жергілікті заңды еңбекақыны есепке алады. Dietsmann компаниясы өз іскерлік серіктестерінен де бірдей жұмысын күтеді. Dietsmann компаниясы қызметкерлеріне жұмысы мен дағдылары үшін сыйлық береді және дискриминацияны болдырмау принциптеріне сай еңбекақыларының тең болуы үшін жұмыс істейді.

Dietsmann компаниясы қызметкерлерін немесе Dietsmann компаниясының клиенттерінің біреуін қонақүйге орналастырған болса, ол қолайлылықтың жергілікті заңды стандарттарына сай болады.

Dietsmann компаниясы қызметкерлерге лайықты жұмыс жағдайларын ұсынады.

5. КҮНДЕЛІКТІ ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Dietsmann компаниясы ұлттық және халықаралық заңдар және ережелерге толық сәйкес келеді.

Жұмыс шарттарына қатысты заңды талаптарға сай жұмыс кестесі (апта/күн сайынғы тұрақты жұмыс кестесі, кезек ауысымы) және заңды демалыс Dietsmann компаниясының еңбек келісім-шарттарында көрсетілген. Жұмыс кестесі әр елде әртүрлі болғандықтан, әр қызметкер келісім-шарты және «Қарсы алу нұсқаулығындағы» арнайы апта сайынғы және күнделікті жұмыс кестесі туралы білетіні және құрметтейтіні туралы хабар береді.

Егер қызметкер шетел маманы ретінде шетелге жіберілсе, оған жұмыс орнындағы жұмысы мен тиісті жұмыс сағаттары, оның ішінде тиісті үзіліс туралы толық ақпарат берілген ел туралы ақпарат парағы беріледі. Жұмыс кестелері мен сапар талаптары туралы шешімдер жасалған кезде қызметкердің отбасылық жағдайы есепке алынады.

Әр қызметкер кадрлар бөлімі талап еткен ресми құжаттарды дайын күйде ұстап, бөлім қамтамасыз еткен сапар протоколдарын құрметтеуі қажет.

IV. ДЕНСАУЛЫҚ, ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТА

Мұнай және газ өндіруші кәсіпорындары мен электр станцияларының жұмысы мен оларға техникалық қызмет көрсету бойынша жетекші тәуелсіз маман ретінде Dietsmann компаниясы өнеркәсіптегі ең жоғарғы HSEQ стандарттарын қолдану мен басқару бойынша жұмыс істейді. Денсаулық, қауіпсіздік, қоршаған орта және сапа Dietsmann компаниясының қызметкерлерінің жеке және ортақ жауапкершілігі және олардың барлық экономикалық факторлары алдында артықшылығы бар.

1. HSEQ САЯСАТТАРЫ

HSEQ әрбір Dietsmann қызметкерінің жауапкершілігі

Dietsmann HSEQ хартиясы біздің HSEQ міндеттемелеріне анықтама ретінде қызмет атқарады және біздің HSEQ саясаттары мен ережелеріне нұсқаулық болды.

Біздің HSEQ басқару жүйесі үздіксіз жақсартуға негізделген және келесі Dietsmann HSEQ саясаттарын біріктіреді:

- Қауіпсіздік және құпиялылық саясаты
- Денсаулық және өнеркәсіптік гигиена саясаты
- Қалыпты жұмыс жағдайлары саясаты
- Көлік жүргізу саясаты
- Есірткіге қарсы саясат
- ВИЧ/СПИД ауруына қарсы саясаты
- Тұрақты даму саясаты
- Қоршаған ортаны қорғау саясаты
- Сапа саясаты
- CSR саясаты

ДЕНСАУЛЫҚ, ҚАУІПСІЗДІК, ҚОРШАҒАН ОРТА ЖӘНЕ САПА ХАРТИЯСЫ

DIETSMANN КОМПАНИЯСЫНЫҢ HSEQ МАҚСАТТАРЫ ОНЫҢ БАРЛЫҚ ӘРЕКЕТТЕРІНДЕ АНЫҚ:

- Барлық қызметкерлер мен мердігерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету
- Қоршаған ортаны қорғау
- Тұтынушының қанағаттануы

DIETSMANN КОМПАНИЯСЫ КЕЛЕСІЛЕР ҮШІН ЖАУАПТЫ:

- Денсаулық, қауіпсіздік, құпиялылық, әлеуметтік орта, қоршаған орта және сапа талаптары экономикалық факторлардан маңызды болатынын қамтамасыз етуге
- Қауіпсіз жұмыс ортасын және ең үздік қызмет сапасына кепілдік беру үшін алдын алу барысын бейімдеуге
- Әрекеттерінен болған қауіптерді анықтауға және мүмкін болса, оларды азайтуға
- Әрбір қызметкері арнайы денсаулық, қауіпсіздік, қоршаған орта және сапаны оқыту арқылы корпоративтік мәдениетті түсініп, оған кіретінін қамтамасыз етуге
- Жұмыстағы қауіпсіздікті жақсартуға қатысты қызметкерлердің бастамаларына көмектесуге
- Тұрақты даму мен әлеуметтік бастамаларға көмектесуге
- Энергияны тиімді пайдалану арқылы қоршаған ортаға жағымсыз әсерін төмендетуге
- Адамға және қоршаған ортаға қауіпті заттардың шығуын барынша азайтуға және жоюға
- шкі және сыртқы түрде, нәтижені ашық хабарлау, денсаулық, қауіпсіздік, құпиялылық, әлеуметтік орта, қоршаған орта және сапа мақсаттарын басқаруға
- Аудит арқылы ішкі және сыртқы талаптарға сәйкестіктерді тексеруге және ISO 9001, ISO 14001, OHSAS 18001 and ISO 26000 халықаралық стандарттармен сәйкестікке ұмтылуға
- Оның еңбек және адам құқығы бойынша саясаттары орындалып, құрметтелетінін қамтамасыз етуге
- Осы денсаулық, қауіпсіздік, қоршаған орта және сапа хартиясын жұмыс орнында қолдануға қатысты барлық қызметкерлердің әр деңгейде өз мінез-құлқына жауапты болуын талап етуге

Peter Kütemann
Президент және атқарушы директор

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ - БІЗДІҢ БАСТЫ ҚЫЗМЕТІМІЗ,
ҚАУІПСІЗДІК - БІЗДІҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ

Dietsmann
Maintaining Energy

2. ТҰРАҚТЫЛЫҚ

Dietsmann компаниясы корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік (CSR) және тұрақтылыққа қатысты мүдделі тараптардың күткен нәтижелерінің ең жоғары деңгейіне сай келуді мақсат етеді. Dietsmann компаниясы Біріккен Ұлттар Ұйымының жаһандық келісім-шартының мүшесі.

Біздің қызметкерлеріміздің бағыты мен кәсібилігі компанияның құндылықтарын көрсетеді және біз мұның Dietsmann компаниясының үздіксіз табысының шешуші факторы екеніне сенімдіміз. Тұрақтылық — кәсібіміздің негізгі мақсаты.

Біз әрқашан экономикалық, қоршаған ортаға қатысты және әлеуметтік жауапкершілікпен жұмыс істейміз; бұл адам, ғаламшар және табыстың үш негізгі аспектісі:

ТҰРАҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖҰМЫС

Бұл міндет бізден құндылықтарымызға, корпоративтік басқарудың жоғары стандарттарына сай жұмыс жасауды талап етеді. Сондықтан, біз клиенттердің пайдасы, ағымдағы және болашақ қызметкерлеріміз, әлемнің түкпір-түкпіріндегі біз жұмыс істейтін қауымдастықтар үшін кәсібімізді тұрақты түрде жүргіземіз және кеңейтеміз.

ТҰРАҚТЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШ

Екі негізгі аймаққа қарасты міндет: клиенттердің жұмысы және жеке іс-қимылдарымыздың қоршаған ортаға әсерін азайту.

ТҰРАҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨРСЕТКІШ

Бұл міндет өзіміз жұмыс жасайтын елдің азаматтарына машықтану және кәсіби даму мүмкіндіктерімен, тұрақты және адал жұмыспен қамтамасыз ете отырып адам құқықтарын құрметтеуді қамтиды, біз өз қызметкерлеріміздің және біздің іс-қимылдарымызға қатысты басқалардың да денсаулығын және қауіпсіздігін қорғауға міндеттіміз. Біз осы саладағы үздік жетістіктерімізбен мақтанамыз.

Dietsm
Maintaining

V. СЫРТҚЫ ҚАТЫНАСТАР

1. ЖЕКЕ ТӘРТІП

Әрқайсынан өзінің күнделікті тәртібінде жергілікті ережелерге сай болу күтіледі және өздері жұмыс істейтін елдің әдет-ғұрпымен және мәдениетімен танысып, оларды құрметтеу керек.

2. МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕЛЕР

Мемлекеттік мекемелермен қатынастар тек қана осы байланыстарды орнатуға арнайы тағайындалған адамдармен және бөлімдермен ғана жүзеге асырылады.

3. КЛИЕНТТІҢ ҚАНАҒАТТАНУЫ

Dietsmann компаниясы үшін клиенттің қанағаттануы жоғары басымдықта. Осы жағынан Dietsmann компаниясы жоғары халықаралық сапа стандарттарына сай және ISO 9001:2008 белгісімен сертификатталған. Dietsmann компаниясы сапа жұмысын үздіксіз жақсартуға ұмтылады және әр қызметкерден нәтижені оңтайландыруға қатысты белсенді үлес қосуын күтеді. Клиент қанағаттануы тұрақты түрде бағаланады, тузету шаралары қолданылады.

4. ЖЕРГІЛІКТІ ҚАУЫМДАСТЫҚТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ

Dietsmann компаниясы жұмыс істейтін әр елдің жергілікті ережелері мен тәжірибелерін орындайды. Әр елде жергілікті бастамаларға нақты бюджет бөлінеді, бірақ одан асыруға болмайды. Сондай-ақ Dietsmann компаниясы жергілікті жұмыспен қамтуға және білім алмасуға ықпал етеді. Осы мақсатта Dietsmann компаниясы жаңа таланттарды тәрбиелеу үшін тартымды және тиімді бағдарламалар жасады. Dietsmann компаниясы шетел мамандарының жұмыс орнын жергілікті жағдайға байланысты және мүмкіндігінше әдетте ұлттық кадрлермен алмастырады.

Dietsmann компаниясы жұмыс істейтін барлық елдерде қоғам назарын аударатын еңбек пен қоршаған ортаны қорғау және сапаны бақылау (HSEQ) бойынша науқандар ұйымдастырады. Кейбір ерекше жағдайларда және қажет болса, науқан барлық Dietsmann қызметкерлерінен басқа жергілікті қызметкерлердің отбасыларына да бағытталған (мысалы, безгек, АИТВ/ЖИТС ауруларының алдын алу науқандары).

5. САУДА ЖӘНЕ КӨШІ-ҚОН ЗАҢДАРЫНА СӘЙКЕСТІК

Dietsmann компаниясы барлық тиісті сауда және көші-қон заңдарының талаптарына сәйкес келеді. Әр елге тән импорт пен экспорт бойынша шектеулер мен көші-қон заңдарына ерекше назар аударылады.

Кадрлар бөлімі қызметкерлерді тағайындау немесе қайта тағайындау кезінде олардың сәйкестігін бақылауына жауапты. Кадр бөлімінің талаптарына сәйкес әр қызметкер өзінің жеке құжаттарының жаңартылып тұруына жауап береді.

Dietsmann компаниясы үкімет сауалдары мен тергеу жұмыстарына толықтай қолдау білдіреді. Тағайындалған қызметкерлер өрт сөндіру инспекциясы сияқты мемлекет өкілдеріне өз міндеттерін орындау кезінде бағыт беруге жауапты.

6. ІСКЕРЛІК СЕРІКТЕСТЕРДІҢ ОСЫ КОДЕКС ТАЛАПТАРЫН САҚТАУЫ

Dietsmann компаниясы өзінің іскерлік серіктестерінен Әдептілік хартиясының қағидаларын қабылдауға, Біріккен ұлттар ұйымының жаһандық келісім-шартына сәйкес міндеттемелерін сақтауға және адам құқықтары, еңбек құқықтары, денсаулық, қауіпсіздік және құпиялылық, қоршаған ортаны құрметтеу және іс жүргізудің әдептілік ережелері тұрғысынан осы қағидалар мен міндеттемелерді насихаттауды талап етеді. Dietsmann компаниясы, өз талаптарын әлемнің кез-келген жерінде және кез-келген іскерлік серіктестерінің таңдауына және оларды ұстана білу мүмкіндігіне қалдырады. «Іскерлік серіктес» термині, ол жеткізуші, қосалқы мердігер, агент, бірлескен серіктес немесе клиент болсын, Dietsmann компаниясымен байланысты кез келген коммерциялық ұйымға қатысты. Dietsmann компаниясы хабарлама бергеннен кейін тікелей немесе үшінші тараптар арқылы іскерлік серіктестердің жұмысын және олардың осы саясатқа сәйкес болуын бағалауға және бақылауға құқылы (шолу жасау, жұмыс орнына бару). Жеткізушілер сияқты ықтимал іскерлік серіктестерден Dietsmann компаниясы, іскерлік серіктестердің Dietsmann компаниясының құндылықтарын ұстануын бағалай алатындай сауалнама толтыруды сұрайды.

Егер осы саясатқа сәйкес келмейтін болса, тиісті серіктес түзету жоспарын жасауы керек. Егер түзету шаралары бойынша сол жоспары орындалмаса, Dietsmann компаниясы келісім-шартты бұзу құқығын өзіне қалдырады. Іскерлік серіктестік саясаты туралы толық ақпаратты Dietsmann веб-сайтының (**www.dietsmann.com**) корпоративтік бөлімінен табуға болады.

7. АДАЛ БӘСЕКЕЛЕСТІК

Dietsmann компаниясы адал бәсекелестікке және компанияның іскерлік серіктестері мен бәсекелестерінің материалдық және/немесе интеллектуалды құқықтарын құрметтеуге ұмтылады.

Dietsmann компаниясы өзінің шешім қабылдауда және жалпы стратегиясында тәуелсіз болғанын мақтан тұтады.

VI. КӘСІБИ АДАЛДЫҚ, ӘДЕПТІЛІКТІ САҚТАУ ЖӘНЕ ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС

Сыбайлас жемқорлық Еуропа кеңесінің сыбайлас жемқорлық туралы азаматтық-құқықтық конвенциясында көрсетілгендей анықталуы мүмкін:

Осы Конвенцияның мақсаттары үшін «сыбайлас жемқорлық» пара алушыдан талап етілетін кез келген міндеттеме немесе әрекеттің қалыпты орындалуын, заңсыз артықшылықты немесе оның уәдесін бұрмалайтын пара немесе кез келген заңсыз артықшылықты немесе уәдені тікелей немесе жанама түрде сұрау, ұсыну, беру немесе алуды білдіреді.

(Сыбайлас жемқорлық туралы азаматтық-құқықтық конвенциясы - Еуропалық келісім-шарттар сериясы 174 - 2-бап).

Dietsmann компаниясында жұмыс істейтін барлық адамдар Dietsmann компаниясының кәсіби адалдық, әдептілік сақтау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру құндылықтарын ұстанады, және келесі үшін жауапты:

- Халықаралық заңдар мен ережелерді (алаяқтық, заңсыз транзакция, іскерлік жазбаларды жою әрекетерінің болмауы) және кәсіби адалдық стандарттарын сақтау (жемқорлықтың болмауы).
- Жергілікті әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерді білу және құрметтеу.
- Кәсіпті әділ жүргізу (ішкі және сыртқы).
- Барлық транзакцияларды нақты есепке алу және заңсыз төлемдерден бас тарту.
- Өз жұмысында адалдықты көрсету (жетістіктер мен сәтсіздіктерді ашып көрсету және Dietsmann компаниясына деген сенімді қалыптастыру).
- Өзін-өзі ұстау және әдептілік саясаты бойынша іскерлік қарым-қатынас кодексін сақтау.

Әр қызметкер Dietsmann компаниясының өкілі болып табылады, сондықтан үлескерлердің компанияға деген сенімін сақтайтындай, сыпайылық сақтап, өзінің мінез-құлқына жауапты болуы керек.

Егер қатаң түрде талап етілсе, клиенттің жұмыс орнында істейтін Dietsmann компаниясының кез келген қызметкері клиенттің және Dietsmann компаниясының өзін-өзі ұстау және әдептілік саясаты бойынша іскерлік қарым-қатынас кодексіне сәйкес жұмыс істеуі керек. Іскерлік серіктестердің барлығы Dietsmann ережелеріне сәйкес әдептілік кодексін ұстанады деп күтілуде. Күмән туындаған кезде қызметкер әріптес менеджерге кеңес беру керек.

1. МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ

Адамның жеке, әлеуметтік, қаржылық немесе саяси қызметі оның компанияға деген адалдығына немесе объективті көзқарасына кедергі келтіретіндей болса, қақтығыс туындайды.

- Қызметкерлер мүдделер қақтығысы туындауы мүмкін барлық жағдайларды болдырмауы тиіс.
- Барлық ықтимал мүдделер қақтығысы туралы Dietsmann компаниясы реттей алатындай немесе болдырмайтындай, дереу басшылыққа хабарлау керек.

- **Dietsmann компаниясымен елеулі іскерлік байланысы бар кәсіпорындарда жеке немесе отбасылық қаржылық мүдделерден аулақ болу керек.**
- **Қызметкерлер, өзінің отбасы мүшелері оған бағынатын немесе ол жалдайтын жағдайлардан сақтану керек.**
- **Қызметкерлер Dietsmann компаниясының іскерлік серіктестерінің жоғары дәрежелі менеджерлерімен тығыз және тұрақты қарым-қатынаста болатын жағдайлардан сақтану керек.**

2. КОРПОРАЦИЯ АКТИВТЕРІ

Қызметкерлер Dietsmann компаниясының материалдық және материалдық емес активтерін (мысалы, оның беделін) қорғауға және компания мүдделерін алға жылжыту үшін оларды тиімді пайдалануға міндетті. Бұл қызметкерлер компанияның мүлкін немесе қорларын жеке мүдделері үшін пайдаланбауы керек екенін білдіреді. Сонымен қатар компания меншігін және/немесе мүлкін компанияның рұқсатынсыз Dietsmann компаниясының мүдделерінен басқа мақсаттарда пайдалануға болмайды.

Бағдарламалық жасақтаманы, электрондық пошта мекенжайларын және интернетті пайдалану ережелері VII бөлімде қарастырылған. Ақпараттық және коммуникациялық ресурстардың құпиялылығы және қауіпсіздігі. Ақша шығарып алу, жалған жазбалар жасау немесе тіркелмеген қаражатты талап ету қылмыстық құқық бұзушылыққа жататын алаяқтық болып табылады және сәйкесінше қарастырылады.

Іскерлік және транзакция бойынша жазбаларды басшылық арнайы талап етпесе, жоюға, өзгертуге немесе өшіруге болмайды.

3. ЕКІ ЖЕРДЕ ЖҰМЫС ЖАСАУ

Dietsmann компаниясының менеджер орнындағы немесе одан жоғары тұрған бірде-бір қызметкеріне, кадрлар бөлімінің арнайы келісімінсіз сырттағы басқа жұмысқа қабылдануға рұқсат етілмейді.

4. ҚОНАҚЖАЙЛЫЛЫҚ, ОЙЫН-САУЫҚ ЖӘНЕ СЫЙЛЫҚ АЛУ/СЫЙЛАУ

Сыйлықтар, қонақ күту және ойын-сауық шаралары ұғымына құнды бағасы бар кез келген нәрсе, оның ішіне жеңілдіктер немесе іс-шараларға тегін билеттер, арзандатылған баға, көлікпен тасымалдау, саяхат, демалу және/немесе тамақтану орындарын пайдалану кіреді (бірақ онымен шектелмейді).

Сыйлықтар, қонақ күту және ойын-сауық шаралары көбінесе сыпайылықтың бір түрі ретінде қарастырылады және күнделікті бизнесте жиі кездеседі. Алайда кейбір жағдайларда ол жақсы қарым-қатынас орнату мақсатында, мысалы, тендер процесі аясында қолданылса, пара алудың бір түрі болуы мүмкін.

Көптеген мәдениеттерде кездейсоқ іскерлік сыйлықтар мен ойын-сауық шараларын ұсыну сындарлы қарым-қатынас ұғымына жатуы мүмкін. Орнымен және жұмыс бабымен жасалған сыйлықтарды алу/сыйлауды және қонақ күту жағдайларын парақорлық ретінде қабылдау қаупі бар болғандықтан, мұқият болу керек. Осындай сыйлықтар мен қонақжайлылық жергілікті заңдарды бұзбайтын болса және/немесе сыйлық беретін адамды ешнәрсеге міндеттемесе немесе сыйлық алатын адамды ыңғайсыз жағдайға қалдырмаса, кей кездері сыйлық алуға/беруге болады.
Орынсыз ұсыныс жасалған қызметкер Dietsmann компаниясының өзін-өзі ұстау және әдептілік саясаты бойынша іскерлік қарым-қатынас кодексіне сілтеме жасай отырып, ұсыныстан бас тарта алады.

- Үшінші тараптан сыйлық алатын және/немесе ойын-сауық шараларына келісім беретін немесе оларды Dietsmann компаниясының атынан үшінші тарапқа табыстайтын кез келген қызметкер кез келген жағдайда ақылға салып шешім қабылдайды деп күтілуде. Бұл тиісті жағдайлар мен заңдарды, оның ішінде сыйлықтың немесе ойын-сауық шараларының пайда болу жолын, оның мақсатын, оны қалай қабылдауға болатындығын, сыйлық немесе ойын-сауықты ұсынатын және/немесе қабылдайтын тұлға(лар)дың жағдайын, іскерлік қарым-қатынасты, міндеттеме жүктеу қаупін және жергілікті әдет-ғұрыптарды ескеру керектігін білдіреді.
- Қызметкер мемлекеттік қызметкерден сыйлық алмас бұрын және/немесе ойын-сауық шараларына келісім бермес бұрын немесе оны ұсынбай тұрып, әрдайым өз менеджерінің рұқсатын алуы тиіс.
- Сыйлықтар мен қонақ күту шараларын ұйымдастыратын қызметкерлерге өзінің жетекшісімен немесе жоғары тұрған басшылықпен ethics@dietsmann.com электрондық поштасы арқылы хабарласып, тез арада нұсқаулар алуына болады.
- Dietsmann компаниясы ұсынған сыйлықтар мен ойын-сауыққа арналған барлық шығындар компанияның бухгалтерлік кітаптары мен жазбаларында дәл тіркелуі керек.
- Ақшалай сыйлықтарға тыйым салынады.
- Аса қымбат немесе өте жиі берілетін сыйлықтар мен ойын-сауық шарларына тыйым салынады.
- Үшінші тараппен талап етілген жол және қонақ үй шығындары басшылықтың мақұлдауына жіберіледі.

5. РЕСМИ ШАРТТАРДЫ ЖЕҢІЛДЕТУ ТӨЛЕМДЕРІ

Бұл мемлекеттік органдардың немесе мемлекеттік қызметкерлердің шешім қабылдауын немесе әрекеттерін жеңілдету немесе жеделдету үшін төленетін төлемдер болып табылады. Бұл төлемдер лауазымды адамның немесе қоғамдық, заңды міндеттерін атқаратын басқа да адамның жұмысына әсер ету мақсатында қандай да бір бағалы заттарды ұсыну, беру, алу немесе арандату болып табылады.

Парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік саясатының шеңберінде Dietsmann компаниясы ресми шарттарды жеңілдететін төлемдерді жергілікті немесе басқа заңдармен рұқсат етілсе де, төлеуге тыйым салады. Ресми шарттарды жеңілдететін төлемдер жасалса, Dietsmann компаниясына едәуір зиян келуі мүмкін.

РЕСМИ ШАРТТАРДЫ ЖЕҢЛДЕТЕТІН ТӨЛЕМДЕР ЖАСАЛМАҒАНДЫҚТАН ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ (НЕМЕСЕ ОНЫҢ ОТБАСЫНЫҢ ЖӘНЕ ӘРІПТЕСТЕРІНІҢ) ДЕНСАУЛЫҒЫНА, ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ЖӘНЕ БАС БОСТАНДЫҒЫНА ҚАУІП ТӨНГЕН ЖАҒДАЙДА:

- ешқашан да өзін немесе отбасы мүшелерін қатерге тікпеу керек;
- егер уақыт жеткілікті болса және өзіне немесе отбасына қауіп төніп тұрмаса, өзінің тікелей басшысынан көмек және нұсқау алуы керек;
- егер нұсқау алу мүмкін болмаса немесе сондай кеңес бойынша төлем жасап, төлем туралы мән-жайды дереу хабарлауы керек.

6.САЯСИ ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛАЙ ҮЛЕС

Dietsmann компаниясының саясаты қолданыстағы заңдардың және директорлар кеңесінің рұқсаты бойынша атқарылған жағдайлардан басқа, саяси үміткерлер мен саяси партияларға қаржылай үлес қосудан бас тарту болып табылады.

Dietsmann компаниясы пікірінше саясатқа араласу, саяси партияға немесе үміткерге қаржылай үлес қосу, саяси мәселелер туралы хабардар болу, қоғамдық мекемелерде қызмет жасау, үгіт жүргізу және жергілікті немесе ұлттық деңгейде қызмет атқару, демократиялық қоғамдағы, азаматтардың маңызды құқықтары мен міндеттері болып саналады деп есептейді.

Саяси қызметпен айналысқысы келетін қызметкер компанияның өкілі ретінде емес, жұмыс уақытынан тыс уақытта және жеке тұлға ретінде айналысады деп күтілуде. Dietsmann компаниясы ешбір жағдайда қызметкердің саясатқа жеке араласуына байланысты шығындарды өтемейді. Саяси құқықтарын жүзеге асыратын заңды құқығы жоқ және компания жұмыс істейтін елдерде, қызметкерлерге саяси қызметпен айналысудан бас тарту керек. Жеке, заңды және саяси қаржылай үлес қосқан не қоспаған жағдайда, бұл өтемақы төлеуге, жұмыс қауіпсіздігіне немесе алға жылжу мүмкіндіктеріне еш әсер етпейді.

7. ДЕМЕУШІЛІК ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨМЕК

Қайырымдылық көмек — Dietsmann компаниясы еш қайтарым күтпейтін көмек. Оның ішінде спорттық немесе мәдени іс-шараларды, бизнес бастамаларын қолдау және ұйымдарға қолдау көрсету сияқты демеушіліктің әр түрі болуы мүмкін. Осындай қайырымдылық көмектер түсінікті әрі ашық болуы тиіс және демеушілік келісімдерге қол қоймас бұрын оларды өте мұқият қарау керек.

Dietsmann компаниясы жеке тұлғаларға қайырымдылық көмек көрсетпейді.

AMENITIES
DONATIONS PROJECT
Dietsmann
AMENITIES
DONATIONS PROJECT

VII. АҚПАРАТ ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС РЕСУРСТАРЫНЫҢ ҚҰПИЯЛЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІГІ

1. ҮЛЕСКЕРЛЕРДІҢ ҚҰПИЯЛЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Dietsmann компаниясы өз қызметкерлері мен іскерлік серіктестеріне қатысты ақпараттың құпиялылығын сақтауға міндетті. Сондықтан 2016 жылғы 27-ші сәуірде қабылданған 2016/679 Еуропалық ережеге және Еуропалық одаққа мүше мемлекеттер осы Ережеге сәйкес қабылдаған барлық заңдарға сәйкес, Dietsmann компаниясы қызметкерлерге немесе басқа да үлескерлерге қатысты кез келген жеке деректерді және басқа ақпаратты құрметтеуге және қорғауға міндеттеледі. Осындай деректер мен ақпарат құпия күйінде сақталады және заң бойынша рұқсат етілмесе немесе талап етілмесе, олардың келісімінсіз пайдаланылмайды. Үлескерлерге ақпаратты сақтау себебі және ақпаратқа қалай қол жеткізуге және оны өзгертуге болатындығы туралы ақпарат беріледі және ақпарат тек көрсетілген мақсаттарда пайдаланылатынына сенімді болады.

Барлық қызметкерлер компания мен компанияның іскерлік серіктестері туралы ақпараттың құпиялығын қорғауға қатысты қолданылатын ережелерді, әсіресе сауда-саттық келісімдерін жүргізген кезде, сақтауға міндетті.

Кадрлар бөлімінде істейтін қызметкерлерден құпиялылық пен қызметкерлердің деректерін қорғауға қатысты өте мұқият болуды сұраймыз.

Әрбір Dietsmann компаниясының қызметкері Dietsmann компаниясының клиенттеріне қатысты құпиялық пен қауіпсіздікті және жалпы басқаларға да тиесілі барлық құпия ақпаратты қорғауға жауапты.

2. ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ БАЙЛАНЫСТАР (ЖАРИЯЛАНАТЫН АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚАТЫНАСУ ЖОЛДАРЫ)

Төраға және басқарушы директордың орынбасары компанияның ресми өкілдері болып табылады және тек олар компания атынан мәлімдеме жасауға құқылы. Басқарма мүшелерінде өздерінің жауапкершілік аясында ғана мәлімдеме жасау өкілетті.

Хабарламаның мазмұнына қатысты төраға мен басқарушы директор орынбасарының алдын-ала келісімінсіз бірде-бір қызметкерге бұқаралық ақпарат өкілдерімен сөйлесуге немесе компания атынан мәлімдеме немесе хабарлама жасауға құқығы жоқ.

Бірде-бір қызметкерге әлеуметтік желілерде Dietsmann логотипі бар хабарламалар салуға рұқсат етілмейді, өйткені бұл жарнама ретінде саналуы мүмкін.

Әлеуметтік желілерде жеке көзқараспен бөлісу құптарлық жағдай, бірақ қызметкерлер өздерінің Dietsmann компаниясының қызметкері ретінде емес, жеке азамат ретінде сөйлеп тұрғанын білдіру керек.

3. БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАНЫҢ АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҒЫ МЕН ЛИЦЕНЗИЯЛАРЫ

Dietsmann компаниясы барлық тиісті авторлық құқық және лицензиялау ережелерінің талаптарын сақтайды. Барлық Dietsmann компаниясының қызметкерлері, компьютерлерінде бар бағдарламалық жасақтаманы қолданды және басқа бағдарламалық жасақтаманы жүктемейтініне сенім артады. Сонымен қатар, ақпараттық жүйелердің инфрақұрылым үйлесімділігін қамтамасыз ету үшін жергілікті сервердегі бағдарламалық жасақтама компоненттеріне өзгертулер мен жаңартулар енгізуге болмайды.

4. IT ПРОТОКОЛДАРЫ

Қауіпсіздік, пайдаланушыларға қолдау көрсету, резервтік көшірме жасау, пошта жәшігі мен электрондық пошта нұсқаулығы және интернетке қосылу сияқты барлық атқарылатын IT протоколдары ақпараттық-байланыс технологиясының процедуралар нұсқаулығында қамтылған және оны IT қызметінен **itdesk@dietsmann.com** арқылы сұратуға болады.

Ақпараттық-байланыс технологиясының саясаты туралы толық ақпаратты Dietsmann веб-сайтының корпоратив бөлімінен қарауға болады. Dietsmann компаниясының ақпараттық-байланыс технологиясының саясатын бұзған қызметкер тәртіптік жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

- **Интернеттегі барлық әрекеттер бақыланады және тіркеледі.**
- **Барлық қаралатын материалдарда вирустардың бар-жоғы тексеріледі.**
- **Барлық қаралатын контентте намысқа тиетін материалдың бар-жоғы тексеріледі.**

ТИЫМ САЛЫНАДЫ

- **Өте қажет болмаса электронды пошта хабарламаларын басып шығаруға.**
- **Электрондық поштаны жеке мақсаттарда пайдалануға.**
- **Өзіңізді басқа адам ретінде таныстыруға.**
- **Егер жұмысқа қатысты болмаса, интернетті пайдалануға немесе сайттардан контент жүктеуге.**

ӨЗГЕРТУЛЕР ТІЗІМІ

ӨЗГЕРТУЛЕР	КҮНІ	ПІКІРЛЕР	ШЫҒАРҒАН	МАҚҰЛДАҒАН
1	15.07.2004		Байланыс департаменті	Peter Kütemann Төрағасы және президенті
2	07.12.2006	Шолу	Байланыс департаменті	Директорлар кеңесі
3	04.10.2012	Шолу	Этика комитеті	Директорлар кеңесі
4	01.08.2016	Шолу	Этика комитеті	Директорлар кеңесі
5	15.05.2017	Шолу	Этика комитеті	Директорлар кеңесі
6	13.06.2019	Шолу	Байланыс департаменті	Peter Kütemann Төрағасы және президенті
7	15.06.2020	Шолу	Ethics Committee	Peter Kütemann Төрағасы және президенті

ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ҮЙЛЕСТІРУ КЕҢСЕСІ

Gildo Pastor Center - 7, Rue du Gabian - MC 98000 Monaco

tel: +377 93 10 10 10 - fax: +377 93 10 10 11

www.dietsmann.com

Dietsmann
Maintaining Energy